


Қаралды: 

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Baby City» балабақшасы

Топ: «Ақжелкен» ересек жас тобы

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) 01.09-02 .09.2022 жыл қыркүйек айы

2022-2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Бейсенбі 01.09.2022 жыл	Жұма 02.09.2022 жыл
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау Мақсаты:баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгінгі және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру. (әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Үйде күн тәртібін орынданңыз» Мақсаты:салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту, күн тәртібін орындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру- физикалық қасиеттерді дамыту) Кенес: «Астағы ереже» Мақсаты:Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру- физикалық қасиеттерді дамыту) Кенес: «Туберкулездің алдын алу жолдары» Мақсаты:салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. (салауатты өмір салтын қалыптастыру- физикалық қасиеттерді дамыту)	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын «Қуыршаққа бөлме жасаймыз» Мақсаты:айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. Құрылыс материалдарынан құрастыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Балалардың түрлі әрекеттерінде әңгімелерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. (қазақ тілі***, көркем әдебиет- коммуникативтік дағдыларды дамыту, құрастыру, мүсіндеу- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	Дидактикалық ойын: «Әмбебап дүкені» Мақсаты:қоршаған ортадағы заттар мен тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. (коммуникативтік дағдыларын дамыту)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. Мақсаты:баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене шынықтыруға қызығушылықты арттыру, денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, қимыл-қозғалыс тәжірибесін байыту, дене сапаларына және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту болып табылады. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру(жалпы дамытушы жаттығулар-физикалық қасиеттерді дамыту)	
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Мақсаты: тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.	

	(мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру-физикалық қасиеттерді дамыту)	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Дидактикалық ойын: «Қуыршақ Айгерімнің тұған күні» Мақсаты: диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағдыларды дамыту, математика негіздері-танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту, музыка****- шығармашылық дағдыларын, зерттеуіс-әрекетін дамыту)	Дидактикалық ойын: «Шамасына қарай салыстыр» Мақсаты: заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені бойынша екі затты салыстыру. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Дайын пішіндерді кию және қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. (танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеуіс-әрекетін дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру. Негізгі қимылдар. Сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен алмастыру,. Өкшемен жүру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру (2-3 рет 10 рет секіру, жүрумен кезектесу). 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша төрттағандап еңбектеу. Доптарды бір-біріне домалату. Бір-бірден сапқа тұру. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.	Музыка Мақсаты: балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру. Өн айту. Балаларды мәнерлеп өн айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріс пен беру.
2-таңғы ас	Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Мақсаты: дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру. (салауатты өмір салтын қалыптастыру- физикалық қасиеттерді дамыту)	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: Мақсаты: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру-физикалық қасиеттерді дамыту)	
Серуен	1. Бақылау: жел Мақсаты: табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту. (қоршаған ортамен таныстыру- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру) 2. Еңбек: ойын алаңын таза ұстауға, тәрбиешіге көмектесуге баулу. (еңбекке баулу) 3. Жеке жұмыс: білім күні туралы өлеңді мәнерлеп, жатқа айту. Жалғас. 4. Қимылды ойын: «Кім шапшаң?» Мақсаты: ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. (физикалық қасиеттерді дамыту) 5. Еркін ойын	1. Бақылау: гүлдер Мақсаты: қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (қоршаған ортамен таныстыру- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру) 2. Еңбек: еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: (еңбекке баулу) 3. Жеке жұмыс: балабақша туралы әңгімелету. Алинур. 4. Қимылды ойын: «Түрлі түсті көліктер» Мақсаты: қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. (физикалық қасиеттерді дамыту) 5. Еркін ойын
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: Мақсаты: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. (өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру-физикалық қасиеттерді дамыту)	
Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру: Мақсаты: тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру-физикалық қасиеттерді дамыту)	

Күндізгі ұйқы	Салауатты өмір салтын қалыптастыру Мақсаты:ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту.Балаларға жастарына сәйкес тыңдауға,тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну. (салауатты өмір салтын қалыптастыру,коммуникативтікдағдыларды дамыту-физикалық қасиеттерді дамыту)	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Мақсаты:баланың денсаулығын сақтау және нығайту,денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, қимыл-қозғалыс тәжірибесін байыту. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. 1.Мұрнымен жәй дем алу,дем шығару. 2.Мұрнының бір қырын басып тұрып,екінші жағымен тыныс алу,шығару (кезектесе) 3.Екі мұрнымен тез дем алу,дем шығару. 4.Мұрнымен үзік-үзік дем алу,дем шығару. 5.Жәй дем алу,дем шығару. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін жаттығу Арнайы кілемше үстімен жалаң аяқ жүру. (сауықтыру-шынықтыру шаралары-физикалық қасиеттерді дамыту)	
Бесін ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру .Мақсаты: тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. (мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру-физикалық қасиеттерді дамыту)	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: «Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: баланың жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағытуралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін,менересекболамын»). Қоршаған ортаның әсемдігінеойыншықтарға қызығушылықтыдамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Дайын пішіндерден кию,ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Қимылды ойын:«допты қағып ал» мақсаты: допты басынан асыра лақтырып екі қолымен қағып алу. (қоршаған ортамен таныстыру әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, жапсыру, сурет салу- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, дене шынықтыру-физикалық қасиеттерді дамыту)	Дидактикалық ойын: «Әжеге қонаққа барамыз» Мақсаты: отбасындағы үлкендерді сыйлауға,құрмет көрсетуге,кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын,отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеугебаулу. Музыканың сипатын сезінуге үйрету. Таныс,бұрынүйренгенжаттығулардыжәнеқимылдардымузыкаменсүйемелдеу арқылыорындау. (әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, физикалық қасиеттерді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	«Менің балабақшам» Мақсаты: құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Зарина. (балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	«Түрлі түсті көліктер» Мақсаты: көлік түрлері мен жол түрлерін атау. Мұхамбет. (әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Мақсаты:өз бетінше киіну,суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге,науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары,салауатты өмір салтын қалыптастыру,мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру-физикалық қасиеттерді дамыту)	

Серуен	1.Бақылау: күн. Мақсаты:табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту. (әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру) 2.Еңбек:ойын алаңын таза ұстауға, тәрбиешіге көмектесуге баулу. (еңбекке баулу) 3.Жеке жұмыс:тақпақты, санамақты мәнерлеп, жатқа айту. Кәусар. 4.Қимылды ойын: «Алысқа секір» Мақсаты:2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру. (дене шынықтыру** - физикалық қасиеттерді дамыту) 5.Еркін ойын	1.Бақылау:ағаш. Мақсаты:қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру) 2.Еңбек:еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: (еңбекке баулу) 3.Жеке жұмыс:өзінің туған жерін білу және атау. Сезім. 4.Қимылды ойын: «Қасқыр мен қаздар» Мақсаты: шашырап жүгіру; шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру. (дене шынықтыру** - физикалық қасиеттерді дамыту) 5.Еркін ойын
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Мақсаты:өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру.Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.Өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (өзін-өзі қызмет көрсету дағдылары,коммуникативтік дағдыларды дамыту,мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру-физикалық қасиеттерді дамыту)	
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дидактикалық ойын: « Қандай пішін?» Мақсаты:геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу,сөйлеуде сын есімдерді қолдану. (шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	«Бұл қандай шығарма» Мақсаты:әдеби шығармаларды мұқият тыңдау,кейіпкерлерге жанашырлық таныту.Қоршаған ортаның әсемдігіне қызығушылықты дамыту. (коммуникативтік дағдыларды дамыту)
Балалардың үйге қайтуы	Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.. (әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.)	Ата-аналарға балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді .Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. (әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру, мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.)

Циклограмма толтырған тәрбиеші:Хайрулина.Г